

Қазақстан Республикасының Президентінің Әкімшілігі  
 2005 ж. маусым 10 күні  
 ЗАНДЫҒЫҢ АЯҚАУЫН АҚПАРАТТЫҚ ТІРКЕУДЕН  
 ҚАЙТА АҚПАРАТ  
 № 34938-1910-АК куәлік  
 Алматы тіркелу күні 2005 ж. 08. 25  
 МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
 ПРОИЗВЕДКА ГОСУДАРСТВЕННАЯ  
 СЕРВИСЫ РЕГИСТРАЦИИ ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА  
 № 2 06 2005 ж.  
 Сертификат № 34938-1910-АК  
 Дата очередной регистрации 23. 08. 2005 г.

БЕКІТІЛДІ:  
 «Зерде» ААҚ  
 Акционерлерінің  
 Жалпы жиналысымен  
 «10» мамыр 2005 ж.  
 Хаттама № 11

## «Зерде» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫ

Алматы қ., 2005

КЕЛЕСІ БЕТТІ  
 ҚАРАҢЫЗ

## **ПРЕАМБУЛА**

Нағыз жарғы «Зерде» Акционерлік қоғамының (одан әрі -Қоғам) құрылтай құжаттарын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңымен сәйкестікке келтіру мақсатында бекітіледі және оның аталуын, орналасқан жерін, қалыптасу тәртібін және оның органдарының өкілеттіктерін, қайта құрылу және оның қызметінің тоқтатылуын және Қазақстан Республикасының заңына қайшы келмейтін басқа ережелерін анықтайды.

## **БАП.1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

### 1.1. Фирмалық атауы.

Қоғам келесі фирмалық атауына ие:  
мемлекеттік тілде: «Зерде» Акционерлік қоғамы,  
қысқаша: «Зерде» АҚ;  
орыс тілінде: Акционерное общество «Зерде»,  
қысқаша: АО «Зерде».

### 1.2. Заңды мәртебесі.

Өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті қаражат тарту мақсатымен акциялар шығаратын заңды тұлға акционерлік қоғам деп танылады және өзінің басты мақсаты табыс алу (коммерциялық ұйым), сондай-ақ акционерлердің әлеуметтік және экономикалық мүдделерін іске асыру деп санайды.

### 1.3. Қоғамның орналасқан жері.

Қоғамның орналасқан жері: *Қазақстан Республикасы, 050026, Алматы қ., Гоголь көш., 111А.*

### 1.4. Баспасөз басылымы.

Қолданыстағы заңға және Қоғамның Жарғысына сәйкес жарияланатын Қоғамға қатысты ақпарат, өкілетті органмен бекітілген баспасөз басылымында жарияланады.

## **БАП 2. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ МЕН ЖАУАПТЫЛЫҒЫ**

### 2.1. Жалпы құқықтығы.

Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңымен сәйкес заңды тұлғаның құқықтарына ие болады және міндеттерін көтереді. Қоғам сонымен қатар Қазақстан Республикасы және шетел территориясында басқа барлық меншік нысанды ұйымдар және кәсіпорындармен бірлестікке түсу құқы бар, келісімдер жасай алады, мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтарға ие болады және міндеттерді көтереді, сотта және талапкер және жауапкер бола алады. Қоғам Қазақстан Республикасының территориясында және оның шегінен тыс жерде өз қызметінің сәйкес бағыттарын еншілес кәсіпорындар, кәсіпорындарды жалға беру, филиалдар және өкілдіктер ашу жолдарымен құру құқығы бар.

### 2.2. Жауаптылық.

Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауапты болады. Қазақстан Республикасы Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал Қоғам Қазақстан Республикасының міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам акционерлердің мүліктік міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Акционерлер қоғамның міндеттері бойынша жауап бермейді және өзіне тиесілі акциялар құнының шегінде шығындар тәуекелін көтереді, егер Қазақстан Республикасының әрекетті заңымен басқа көрсетілмесе.

## **БАП 3. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ МӘНІ**

### **3.1. Қызметінің мақсаты.**

Қоғам қызметінің мақсаты табыс алу болып табылады.

### **3.2. Қызметінің мәні.**

Қоғам қызметінің мәні серіктестік қатысушыларының үлестерін және акционерлік қоғамдардың бағалы қағаздарын ұстаушылар тізімдерін жүргізу бойынша құнды қағаздар нарығында кәсіби қызмет болып табылады.

Қоғам өзінің қызметін жүзуге асыру үшін келесі функцияларды орындайды:

- бағалы қағаздармен және ашық немесе жабық акционерлік қоғамнан қайта құрылған серіктестік қатысушыларының үлестерімен жасалған мәмілелерін және қатысушылардың бағалы қағаздары мен үлестерін күрделендірудің себепкер шарттарын тіркеу;
- бағалы қағаздарды ұстаушылардың бағалы қағаздарға және серіктестіктің жарғылық капиталындағы қатысушы үлесіне құқығын растау;
- қатысушылар және бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізімдерін сақтау, жүргізу және қалыптастыру;
- эмитенттің тапсырысы бойынша тізімде тіркелген бағалы қағаздарды ұстаушыларға ақпараттық мәліметтерді және хабарландыруларды жіберу;
- бағалы қағаздардың айналымдағы көлем сәйкестігіне бағалы қағаздар шығарылымының тіркелген осы параметрлерімен бақылауды жүзеге асыру;
- заңда белгіленген тәртіпте эмитенттің шешімі бойынша бағалы қағаздармен операцияларды орындау;
- Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін, эмитент және серіктестікпен жасалған келісімде көзделген қызметтерді көрсету;
- депозитке қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді қаржылық салулар жасау, кәсіпорындардың, банктердің, сақтандыру компаниялардың, және басқа да заңды тұлғалардың қоятын капиталдарының қалыптастыруына қатысу, ;
- Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да қызметтер.

## **БАП 4. ҚОҒАМНЫҢ КАПИТАЛЫ ЖӘНЕ МҮЛІГІ**

### **4.1. Мүлік.**

Қоғам мүлігі есебімен қалыптасады:

- 1) Қоғам акцияларының төлеуіне акционерлермен берілген қаражаттар;
- 2) оның қызметінің нәтижесінде алынған табыстар;
- 3) Қазақстан Республикасының заңымен тыйым салынбаған негіздер бойынша алынған басқа мүлік пен ақшалар;

### **4.2. Жарғылық капитал.**

Әділет органдарында қайта тіркелу күніне төленген Қоғамның жарғылық капиталы – 75 000 000 (Жетпіс бес миллион) теңгені құрады.

### **4.3. Жарғылық капиталдың өсуі.**

Қоғамның жарғылық капиталының өсуі акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі немесе сот шешімімен акцияларды орналастыру және шығару бойынша жіберіледі.

### **4.4. Резервтік капитал.**

Қоғам жыл-сайын таза табыстан бөлектеу жолымен шаруашылық қызметін жүзеге асырумен байланысты, шығындарды жабу үшін резервтік капитал қалыптастыра алады. Жыл-сайынғы бөлектеудің мөлшері Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысымен белгіленеді. Тиісті шешім қабылдаған кезінде резервтік капитал Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысымен белгіленген мөлшерде қалыптасады.

Қоғамның резервтік капиталының пайдалану тәртібін Атқарушы орган анықтайды.

## **БАП 5. АКЦИЯЛАР ЖӘНЕ БАСҚА БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУ ШАРТТАРЫ.**

### 5.1. Акциялар.

Қоғам жай акциялар немесе жай және артықшылықты акцияларды шығаруға құқылы. Қоғамның жарияланған акциялар саны – 75 000 000 (Жетпіс бес миллион) дн., олардың ішінен:

- жай акциялар – 75 000 000 дн.,
- артықшылықты акциялар – жоқ.

Әділет органдарында қайта тіркелу күніне орналастырылған Қоғамның акциялар саны – 75 000 000 (Жетпіс бес миллион) дн., олардың ішінен:

- жай акциялар – 75 000 000 дн.,
- артықшылықты акциялар – жоқ.

### 5.2. Жай акциялар.

Жай акция, оны иеленетін әр акционерге, басқа жай акция иелеріне берілетін құқық көлемімен бірдей береді. Жай акция дауыс беруге енгізілетін барлық мәселелерді шешкен кезде акционерге дауыс беру құқығымен акционерлердің Жалпы жиналысына қатысу құқығын береді. Сондай-ақ жай акция дивидендтер алу, Қоғам таратылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында және нағыз жарғыда белгіленген тәртіппен оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

5.3. Акциялардың айналым, орналастыру, шығарылым, сондай-ақ дивидендтер төлеу шарттары мен тәртібі жарияланған акциялар шығарылымының проспектісімен белгіленеді.

### 5.4. Басқа бағалы қағаздар.

Қоғам акция шығаруымен бірге акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен, басқа бағалы қағаздардың, сонымен бірге конверттелетін бағалы қағаздардың шығарылымын жүзеге асыруға, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығы туралы заңымен сәйкес опциондар жасауға құқықты. Мұндай бағалы қағаздардың иелеріне Қоғамды басқаруға қатысу құқықтары бөлінбейді, егер Жалпы жиналыспен олардың шығарылуы тұсында басқа арнайы белгіленбеген болса. Бағалы қағаздардың конверттеліну тәртібі және шарттары олардың шығарылуы кезінде анықталады.

### 5.5. Акцияларды иесіз деп мойындау.

Егер акциялар иелері екі және одан да көп жыл аралық ішінде акциялармен берілетін құқықтарымен пайдаланбаса, әрекетті заң және Жарғымен жүктелген акционер міндеттерін орындамаса, немесе мұндай иелердің әрекеттері, олардың иелеуден, акцияға қандай да бір құқық сақтау ниетсіз акциялармен пайдаланудан және билік етуден алып тастауына анық дәлел болса, Қоғам, әрекетті заңмен сәйкес, осындай акцияларды иесіз деп мойындау үшін, оны кейіннен өтеу және қайта бөлу мақсатымен сотқа беруге құқы бар.

5.6. Акционерлердің құқықтар мен міндеттер тізімі Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен (одан өрі – Заң) белгіленеді.

### 5.7. Таза табысты тарату тәртібі.

Қоғамның таза табысы ( салықтар мен бюджетке басқа міндетті төлемдерді төленгеннен кейін) Қоғамның өкімінде қалады және акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен анықталған тәртіпте таратылады, сонымен бірге дивидендтер төленуіне де. Қалған бөлігі Қоғамның дамуына немесе акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен көрсетілген басқа мақсаттарға бағытталады.

### 5.8. Акциялар бойынша дивидендтер.

Акционерлердің Жалпы жиналысы жыл қорытындысы бойынша жай акциялар бойынша дивидендтер төлеудің орынды еместігі туралы шешімді қабылдауға құқылы.

Қоғамның акциялары бойынша:

- өз капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе егер Қоғамның өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде теріс болса;
- егер Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңдарына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сәйкес келсе, не аталған белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде пайда болса;
- егер сот немесе Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысы оны тарату туралы шешім қабылдаса, дивидендтер төлеуге жол берілмейді.

## **БАП 6. ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ ЕСЕПТІЛІК. ҚОҒАМ АУДИТІ**

### 6.1. Қоғамның қаржылық есептілігі.

Қоғамның қаржылық есептілігі Қоғамның бухгалтерлік балансын, кірістер мен шығыстар туралы есебін, ақша қозғалысы туралы есепті және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңдарына сәйкес өзге де есептілікті қамтиды. Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметінің бухгалтерлік, статистикалық есеп және есептілігі Қазақстан Республикасының әрекетті заңымен сәйкес жүргізіледі. Қоғамның қаржылық жылы күнтізбелік жылмен түйіседі.

### 6.2. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі.

Атқарушы орган жыл сайын акционерлердің Жалпы жиналысына талқылау және бекіту үшін өткен жылға жасалған жылдық қаржылық есептілікті табыс етеді. Жылдық қаржылық есептілік Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңдарына сәйкес жасалады. Жылдық қаржылық есептілікті директорлар Кеңесі акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы өтетін күнге дейін отыз күннен кешіктірмей алдын ала бекітуге тиіс. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекіту акционерлердің жылдық Жалпы жиналысында жүргізіледі. Қоғам жыл сайын баспасөз басылымында уәкілетті орган белгілеген мерзімде жылдық қаржылық есептілікті жариялап отыруға міндетті.

### 6.3. Аудит.

Қоғам Қазақстан Республикасының заңымен сәйкес қаржылық-шаруашылық қызметінің аудитін жүргізуге міндетті. Қоғамға аудит директорлар Кеңесінің, Атқарушы органның бастамасы бойынша Қоғам есебінен не ірі акционердің талап етуі бойынша оның есебінен жүргізіледі. Егер Қоғамның Атқарушы органы Қоғамға аудит жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

### 6.7. Қоғамның құжаттарын сақтау.

Қоғам құжаттарды Қоғамның ораналасқан жері бойынша сақтауға міндетті. Құжаттар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңымен сәйкес белгіленген мерзім бойы сақталады.

## **БАП 7. ҚОҒАММЕН АҚПАРАТ КӨРСЕТУ**

### 7.1. Қоғамның қызметі туралы ақпарат.

Қоғам өз акционерлерінің назарына Заңмен және осы Жарғымен сәйкес, Қоғам акционерлерінің мүддесіне қатысты Қоғам қызметі туралы ақпаратты жеткізеді.

### 7.2. Акционердің талабы бойынша берілетін ақпарат.

Акционердің талап етуі бойынша Қоғам, оған Заңмен көрсетілген құжаттарды беруге міндетті, бұл орайда қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты беруге шектеулер енгізуге жол беріледі.

Қоғамның коммерциялық құпиясын құрайтын құжаттар тізімі Қоғамның директорлар Кеңесімен анықталады.

### 7.3. Ақпараттарды алу тәртібі.

Акционер ақпарат алу мақсатымен Қоғамның Атқарушы органына жазбаша түде үндеу жасайды. Акционер үндеуі тіркелу керек. Қоғам акционерге талаптанған ақпаратты (талаптанған құжаттар көшірмелері) осы Жарғының 7.2. тармағымен белгіленген тежеулер есебімен, үндеу күнінен бастап он күнтізбелік күн ішінде беруге міндетті.

Құжаттардың көшірмелерін беру үшін төленетін ақы мөлшерін Қоғам белгілейді және ол құжаттардың көшірмелерін дайындауға жұмсалған шығыстар құны мен құжаттарды акционерге жеткізіп беруге байланысты шығыстарды төлеу ақысынан аспауы керек.

## **БАП 8. ҚОҒАММЕН БАСҚАРУ**

### 8.1. Қоғамның органдары.

Қоғам органдары болып табылады:

- 1) жоғары орган - акционерлердің Жалпы жиналысы;
- 2) басқару органы - директорлар Кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Президент.

### 8.2. Басқа органдар.

Қоғамның қарауы бойынша басқа да органдардың құрылуы мүмкін, олардың құрылу тәртібі және құзыреті Жалпы жиналыс немесе директорлар Кеңесімен бекітілген Қоғамның ішкі құжаттарымен анықталады.

## **БАП 9. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ**

### 9.1. Акционерлердің Жалпы жиналысы.

Акционерлердің Жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

### 9.2. Жылдық Жалпы жиналыс.

Қоғам акционерлердің Жылдық Жалпы жиналысын жыл сайын өткізіп отыруға міндетті. Акционерлердің жыл сайынғы Жалпы жиналысында Қоғамның жылдық қаржы есептілігі бекітіледі, өткен қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері белгіленеді, сонымен бірге шешім қабылдау Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған, басқа да мәселелер қаралады. Қоғамның акционерлерінің жылдық Жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін 5 (бес) ай ішінде өткізілуге тиіс. Есепті кезең ішінде Қоғамның қызмет аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда аталған мерзім 3 (үш) айға дейін ұзартылған болып саналады.

#### 9.2.1. Шақыру.

Акционерлердің Жылдық Жалпы жиналысын директорлар Кеңесі шақырады. Қоғамның органдары акционерлердің Жылдық Жалпы жиналысын шақырудың тәртібін бұзған жағдайда, акционерлердің Жылдық Жалпы жиналысы кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

### 9.3. Кезектен тыс Жалпы жиналыс.

Акционерлердің Жалпы жиналыстары, жылдықтан басқалары, кезектен тыс болып табылады.

#### 9.3.1. Шақыру.

Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысы директорлар Кеңесінің немесе ірі акционердің бастамасы бойынша шақырылады. Егер Қоғам органдары акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын өткізу туралы Қоғамның ірі акционерінің талабын орындамаса, Қоғам акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысы оның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

#### 9.3.2. Ірі акционермен жиналысты шақыру.

Ірі акционердің бастамасы бойынша акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруда, шақыру туралы талап Қоғамның және оның Атқарушы органының орналасқан жеріне тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы Қоғамның директорлар Кеңесіне қойылады, онда мұндай жиналыстың күн тәртібі болуға тиіс. Директорлар Кеңесі аталған талапты алған күннен бастап он күн ішінде шешім қабылдауға және осы талапты қойған тұлғаға акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы хабарлама жіберуге міндетті. Сонымен бірге директорлар Кеңесі Жалпы жиналыстың күн тәртібін өз қалауы бойынша кез келген мәселелермен толықтыруға құқылы.

### 9.4. Дауыс беру.

Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру қолданыстағы заңмен көрсетілмеген жағдайларда, "бір акция - бір дауыс" принципі бойынша өткізіледі. Жалпы жиналыста дауыс беру ашық әдіс және жасырын, аралас, сырттай дауыс берумен өткізіледі.

### 9.5. Құзырет.

Акционерлердің Жалпы жиналысының құзыретіне Жалпы жиналыстың шешімімен Қоғамның қызметіне байланысты кез келген сұрақтар жатқызылады. Акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді басқа органдардың, лауазымды тұлғалардың және Қоғам қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді, егер заң актілерімен басқа көрсетілмеген болса. Акционерлердің Жалпы жиналысы Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

#### 9.5.1. Айрықша құзырет.

Акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мына мәселелер жатқызылады:

- 1) Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;
- 2) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 3) Қоғамның жарияланған акцияларының санын өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 4) есеп комиссиясының сан құрамын және өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 5) директорлар Кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар Кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
- 6) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
- 7) жылдық қаржы есептілігін бекіту;
- 8) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және жыл қорытындылары бойынша Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;

- 9) Қазақстан Республикасы заңымен және нағыз Жарғының 5.8 тармағымен көзделген жағдайлар туындаған кезде Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;
- 10) Қоғамға тиесілі барлық активтердің 25 (Жиырма бес) және одан да көп процентін құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 11) Қоғамның ірі мәмілелер жасасу және жасалуына Қоғам мүдделі болатын мәмілелер жасасу туралы шешімдерін бекіту;
- 12) Қоғам міндеттемелерін оның өз капиталы мөлшерінің 25 (Жиырма бес) және одан да көп процентін құрайтын сомаға көбейту туралы шешім қабылдау;
- 13) акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру туралы Қоғамның акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу және мұндай ақпаратты баспасөз басылымында беру туралы шешім қабылдау;
- 14) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңдарына сәйкес Қоғам акциялардың құнын, олардың шығарылу кезінде анықтау әдістемесін бекіту;
- 15) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 16) акционерлерге Қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу, оның ішінде, егер мұндай тәртіп Қоғам Жарғысында белгіленбесе, баспасөз басылымын анықтау;
- 17) "алтын акцияны" енгізу және оның күшін жою;
- 18) қолданыстағы заңмен және Қоғамның Жарғысымен акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер бойынша шешім қабылдау.

#### 9.5.2. Шешім қабылдау тәртібі.

Нағыз Жарғының 9.5.1.-тармағының 1)-3) тармақшаларында аталған мәселелер бойынша шешімдер Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілігімен қабылданады. Қалған мәселелер бойынша шешімдер акцияларға дауыс беруге қатысушылардың жалпы санының жай көпшілігімен қабылданады.

#### 9.6. Жиналысқа әзірлеу бойынша жауапкершілік.

Жиналысты өткізуге әзірлеу, Жалпы жиналыстың (акционерлерді хабарлау, бюллетеньдерді жіберу, акционерлер тізімін құру, жиналыс өткізу үшін жай және жабдық талдау, қажетті материалдарды әзірлеу, шешімдердің жобаларын әзірлеу және т.б.) өткізілуі және шақырылуымен байланысты әрекеттерді жасауды өзіне қосады. Акционерлердің Жалпы жиналысын әзірлеу мен өткізуді:

- 1) Қоғамның Президентімен;
- 2) Қоғамның Директорлар Кеңесімен;
- 3) өзімен жасалған шартқа сәйкес Қоғамның тіркеушісімен;
- 4) Қоғамның тарату комиссиясы жүзеге асырады.

#### 9.7. Жалпы жиналысты өткізу туралы ақпарат.

Акционерлерге Жалпы жиналыстың өткізілуі туралы хабарлаулар, акционерлерге жазбаша хат қағаз, немесе хабарландырудың баспасөз басылымында жариялану түрінде, жиналыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 30 (Отыз) күннен кешіктірілмей, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында күнтізбелік 40 (Қырық бес) күннен кешіктірілмей хабарлануға тиіс. Хабарландырудың (хат қағаз) мазмұны әрекетті заң талаптарымен сәйкес анықталады.

#### 9.8. Акционерлер Жалпы жиналысының өткізу және хаттау тәртібі.

Акционерлер Жалпы жиналысының өткізу және хаттау тәртібі әрекетті заңымен, нағыз Жарғымен, Жалпы жиналыспен бекітілген өзге құжаттармен сәйкес, не Жалпы жиналыстың тікелей шешіммен анықталады.



#### 9.8.1. Жалпы жиналыста қатынасшы тұлғалар ортасы.

Егер Жалпы жиналыс шешімімен басқа белгіленген болмаса, Жалпы жиналыста акционерлермен, директорлар Кеңесінің мүшелері және Президентпен бірге басқа шақырылған тұлғалардың қатысуы мүмкін.

### **БАП 10. ЕСЕП КОМИССИЯСЫ**

#### 10.1. Есеп комиссиясының құрамы.

Қоғамның сандық және персоналдық құрамы Қоғамның директорлар Кеңесінің ұсынысы бойынша акционерлердің Жалпы жиналысымен бекітілетін Есеп комиссиясы құрылады. Есеп комиссиясы үш адамнан кем болмауға тиіс. Есеп комиссиясына оның алқалы органдары мүшелерінің кіруіне болмайды. Акционерлерінің саны жүзден аз болатын Қоғамда Есеп комиссиясының қызметін Қоғамның Жалпы жиналысының хатшысы жүзеге асырады. Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша есеп комиссиясының функциясы Қоғамның тіркеушісіне жүктелуі мүмкін. Акционерлердің Жалпы жиналысы өткізілетін уақытта Есеп комиссиясының мүшесі болмаған жағдайда жиналыс өткізілетін уақытқа Есеп комиссиясының мүшесін қосымша сайлауға рұқсат етіледі.

#### 10.2. Есеп комиссиясының құзыреті.

Есеп комиссиясының құзыретіне кіреді:

- 1) акционерлердің Жалпы жиналысына қатысу үшін келген адамдардың өкілеттігін тексеру;
- 2) акционерлердің Жалпы жиналысына қатысушыларды тіркейді және оларға акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды беру;
- 3) сырттай дауыс беру үшін алынған бюллетеньдердің дұрыстығын анықтайды және дұрыс бюллетеньдер мен күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша оларда көрсетілген дауыстарды санау;
- 4) акционерлердің Жалпы жиналысы кворумының, оның ішінде жиналыс өткізілген барлық уақыттың ішінде болуын да анықтау және кворумның болғаны немесе болмағаны туралы хабарлау;
- 5) акционерлердің Жалпы жиналысында акционерлердің құқықтарын іске асыру мәселелерін түсіндіру;
- 6) акционерлердің Жалпы жиналысында қаралған мәселелер бойынша дауыстарды санау және дауыс берудің қорытындысын шығару;
- 7) акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасау;
- 8) дауыс беру бюллетеньдерін және дауыс беру қорытындылары туралы хаттаманы Қоғамның мұрағатына беру.

#### 10.3. Құпиялық.

Есеп комиссиясы акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньдердегі ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді.

### **БАП 11. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ**

#### 11.1. Директорлар Кеңесінің қызметтері.

Директорлар Кеңесі Қоғамның басқару органы болып табылады және қолданыстағы заңда немесе нағыз Жарғыда акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

### 11.2. Директорлар Кеңесін сайлау.

Директорлар Кеңесі акционерлер және акционерлер ұсынған кандидаттар санынан Жалпы жиналыспен сайланады, және нағыз Жарғымен көзделген тәртіпте алдыңғы сайланған директорлар Кеңесі мүшелерінің уәкілдіктерінің алдын ала тоқтаған жағдайында кезектен тыс Жалпы жиналыспен қайта сайланады. Сонымен бірге Қоғамның акционерлері емес директорлар Кеңесінің мүшелерінің саны директорлар Кеңесінің мүшелер санының елу пайыздан көп еместі құрау тиісті. Директорлар Кеңесінің мүшелерін сайлау кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырылады.

### 11.3. Сандық құрамы.

Қоғамның директорлар Кеңесінің сандық құрамы 3 адамнан тұрады.

### 11.4. Құзырет мерзімі.

Директорлар Кеңесінің мүшелері бес жылға сайланады және кезекті мерзімде қайта сайлануына шек қойылмайды, егер бұл әрекетті заңға қайшы келмесе. Қоғамның директорлар Кеңесінің алдыңғы мүшесінің өкілеттік мерзімі акционерлердің директорлар Кеңесінің жаңа мүшесін сайлауы өткізілетін Жалпы жиналысын өткізу кезінде аяқталады. Директорлар Кеңесі мүшесінің өкілеттік мерзімінің аяқталғанына қарамай, соңғы директорлар Кеңесінің жаңа мүшесінің лауазымына іс жүзінде түскеніне дейін немесе директорлар Кеңесінің мүшелерінің санының қысқаруы өткенге дейін өзінің міндеттерін орындауды жалғастырады.

### 11.5. Айрықша құзырет.

Мынадай мәселелер Қоғамның директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын белгілеу;
- 2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 3) Қоғамның акцияларын орналастыру және олардың жарияланған акциялардың саны шегінде орналастырылу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
- 6) жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу және есепті қаржы жылы үшін төленетін дивидендтерді қоспағанда, бір жай акцияға төленетін дивидендтің мөлшерін айқындау туралы шешімдер қабылдау;
- 7) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау;
- 8) Атқарушы органның сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) Атқарушы органның лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және оларға еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;
- 10) Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
- 11) бағалаушы мен аудиторлық ұйым көрсеткен қызметтерге төленетін ақының мөлшерін айқындау;
- 12) Қоғамның резервтік капиталын пайдалану тәртібін белгілеу;
- 13) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (бұған Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Атқарушы орган қабылдайтын құжаттар қосылмайды);
- 14) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 15) Қоғамның басқа ұйымдарды құруы және олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 16) Қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын шамаға көбейту;

- 17) бұрынғы тіркеушімен шарт бұзылған жағдайда Қоғамның тіркеушісін таңдау;
- 18) Қоғамның немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;
- 19) ірі мәмілелер және жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;
- 20) Заңда және нағыз Жарғыда көзделген, акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

#### 11.6. Басқа мәселелер.

Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді Қоғамның Атқарушы органына шешуіне беруге болмайды.

#### 11.7. Төраға.

Директорлар Кеңесінің Төрағасы директорлар Кеңесімен директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен оның мүшелері арасынан сайланады. Қоғамның директорлар Кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Қоғамның директорлар Кеңесінің шешімі бойынша директорлар Кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады. Директорлар Кеңесінің Төрағасын сайлау мәселесі бойынша дауыс беру тәртібі (құпия және ашық) директорлар Кеңесімен анықталады.

#### 11.8. Отырыстар.

Директорлар Кеңесінің отырыстары қажеттілік шамасында жиналады.

##### 11.8.1. Кворум.

Егер отырыста директорлар Кеңесінің мүшелерінің жалпы санының елуден аз емес пайызы қатысса, директорлар Кеңесінің отырысы құқықты болып табылады.

##### 11.8.2. Дауыс беру тәртібі.

Директорлар Кеңесінің әр мүшесі бір дауысқа ие. Қоғамның директорлар Кеңесінің бір мүшесімен Қоғамның директорлар Кеңесінің басқа мүшесіне дауыстарды беруге тыйым салынады. Дауыстардың тең болған жағдайында, директорлар Кеңесінің Төраға дауысы шешуші болып табылады.

##### 11.8.3. Шешім қабылдау тәртібі.

Шешімдер Директорлар Кеңесі мүшелерінің отырысында қатысушылар санының жай көпшілік дауыстарымен қабылданады.

11.8.4. Хаттамалар. Директорлар Кеңесінің отырыстар хаттамалары оның өткен күннен бастап 3 (үш) күн ішінде рәсімделеді және оған отырыста төрағалық еткен адам мен отырыстың хатшысымен қол қойылады. Отырысқа қатысқан директорлар Кеңесінің мүшелері отырыс хаттамасына қол қою құқы бар, соның ішінде арнайы пікірінің мазмұндауымен.

#### 11.9. Директорлар Кеңесі отырысында сырттай дауыс беру.

Егер қандай да болсын себептер бойынша директорлар Кеңесінің отырысын шақыруға мүмкіндік болмаса, онда директорлар Кеңесінің шешімдерін сырттай дауыс беру арқылы қабылдау жіберіледі. Бұл жағдайда директорлар Кеңесінің әр мүшесіне шешімдер қабылдау жобалары және дауыс берудің қорытындысын шығару мерзімінің көрсетілуімен сырттай дауыс беру бюллетені жіберіледі. Сырттай дауыс беру нысанында қабылданған шешімдер директорлар Кеңесінің отырысын өткізу үшін қажетті кворумын сақтағанда әрекетті болып табылады. Директорлар Кеңесінің отырысындағы шешімдер аралас дауыс беру (директорлар Кеңесінің мүшелерінің отырысына қатысқан дауыстар және болмағандардың сырттай дауыс беру бюллетеньдері саналады) арқылы қабылдануы мүмкін.

## **БАП 12. АТҚАРУШЫ ОРГАН**

### 12.1. Қоғамның Атқарушы органы.

Қоғам қызметінің ағымдағы басшылығы атқарушы орган - Президентпен жүзеге асырылады. Президент заң және Қоғамның нағыз Жарғысымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған, Қоғамның кез-келген сұрақтары бойынша шешім қабылдауға құқылы. Президент акционерлер Жалпы жиналысының және директорлар Кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

### 12.2. Сайлау тәртібі.

Президент Директорлар Кеңесімен отырған лауазымдарынан тағайындалады және босатылады. Президенттің еңбек төлеу тәртіптері әрекетті заңмен сәйкес директорлар Кеңесімен анықталады.

### 12.3. Құзырет мерзімі.

Егер әрекетті заңда тыйым салынбаған болса, Президент бес жыл мерзіміне сайланады және шектеусіз сан рет қайта сайлана алады.

### 12.4. Қоғам Президентінің құзыреті.

Қоғам Президенті келесі құзыреттерге ие:

- 1) акционерлер Жалпы жиналысының және директорлар Кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- 2) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 3) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;
- 4) Қоғам қызметкерлерін қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, Қоғамның штат кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, Қоғам қызметкерлеріне берілетін сыйлықақы мөлшерін айқындайды;
- 5) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін Президенттің орын басушысының біріне – Вице-президентке жүктейді;
- 6) Қоғам жарғысында және Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысы мен директорлар Кеңесінің шешімдерінде белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

## **БАП 13. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ**

### 13.1. Ішкі аудит қызметі.

Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін, акционерлер Жалпы жиналысымен мүшелерінің саны кемінде үшеу болатын Ішкі аудит қызметінің құрылуы туралы шешім қабылдануы мүмкін. Ішкі аудит қызметі мүшелерінің құзыреті, сайлау тәртібі және қызметінің басқа мәселелері директорлар Кеңесімен бекітілген ережелермен анықталады.

## **БАП 14. ҚОҒАМНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАРЫ**

### 14.1. Қоғамның лауазымды тұлғалары.

Қоғамның лауазымды тұлғалары директорлар Кеңесінің мүшелері және Президент болып табылады.

### 14.2. Қызмет принциптері.

Өзінің қызметін жүзеге асыратын кезде лауазымды тұлғалар келесі принциптармен басшылық етеді:

- 1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және Қоғам мен акционерлердің мүдделерін мейлінше жоғары дәрежеде көрсететін әдістерді пайдаланады;
- 2) Қоғамның мүлкін пайдаланбауға тиіс әрі оны Қоғам Жарғысына және акционерлердің Жалпы жиналысы мен директорлар Кеңесінің шешімдеріне қайшы пайдалануға, сондай-ақ оны өз мақсаттарына пайдалануға жол бермеуге және өздерінің аффилиирленген тұлғаларымен мәмілелер жасаған кезде асыра пайдаланбауға тиіс;
- 3) Қоғамның қызметі туралы ақпараттың Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес ашылуы мен берілуін бақылайды.

#### 14.3. Қоғамның лауазымды тұлғаларының жауаптылығы.

Қоғамның Президенті өзінің әрекеттігінен (әрекетсіздігінен) Қоғамға келтірілген зиян үшін Қоғам алдында Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады. Қоғам акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі негізінде Лауазымды тұлғаның Қоғамға келтірген зиянын не залалын өтеуі туралы сотқа талап-арызбен жүгінуге құқылы.

### БАП 15. ҚОҒАМНЫҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТОҚТАТЫЛУЫ

#### 15.1. Қоғамның қайта құрылуы және тарауы.

Қоғам акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңымен көзделген басқа негіздер бойынша қайта құрылады және таратылады.

Қоғам қайта құрылу және таратылу тәртібі Қазақстан Республикасының заңымен реттеледі.

### БАП 16. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

#### 16.1. Күшіне ену.

Қоғамның нағыз Жарғысы акционерлердің Жалпы жиналысымен бекітілгеннен кейін және мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күшіне енеді және Қоғамның барлық іс-әрекеттену кезі ішінде немесе жаңа Жарғы қабылданғанға дейін әрекетті болады.

Нағыз Жарғының барлық толықтырулары мен өзгертулері оның ажырағысыз үлесі болып табылады және акционерлердің Жалпы жиналысымен бекітілгеннен кейін және мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күшіне енеді.

#### 16.2. Басқа мәселелер.

Нағыз Жарғымен реттелмеген мәселелер, қолданыстағы заңмен сәйкес шешіледі.

Президент   

**УТВЕРЖДЕН:**  
Решением Общего собрания  
акционеров ОАО «Зерде»  
от «10» мая 2005 г.  
Протокол № 11

**УСТАВ  
АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА  
«Зерде»**

**г. Алматы, 2005**

## **ПРЕАМБУЛА**

Настоящий Устав утверждается в целях приведения учредительных документов Акционерного общества «Зерде» (далее – Общество) в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан и определяет его наименование, место нахождения, порядок формирования и компетенцию его органов, условия реорганизации и прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.

## **СТАТЬЯ 1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ**

### 1.1. Фирменное наименование.

Общество имеет следующее фирменное наименование:  
на государственном языке: «Зерде» Акционерлік қоғамы,  
сокращенно: «Зерде» АҚ;  
на русском языке: Акционерное общество «Зерде»,  
сокращенно: АО «Зерде».

### 1.2. Юридический статус.

Общество является юридическим лицом по законодательству Республики Казахстан, выпускающим акции для привлечения средств, необходимых для осуществления своей деятельности, и имеющим своей основной целью извлечение дохода (коммерческая организация), а также реализацию социальных и экономических интересов акционеров.

### 1.3. Местонахождение Общества.

Местонахождение Общества: *Республика Казахстан, 050026, г. Алматы, ул. Гоголя, 111А.*

### 1.4. Печатное издание.

Информация в отношении Общества, подлежащая опубликованию в соответствии с действующим законодательством и Уставом Общества, публикуется в печатном издании, утвержденным уполномоченным органом.

## **СТАТЬЯ 2. ПРАВА, ОБЯЗАННОСТИ И ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ОБЩЕСТВА**

### 2.1. Общая правоспособность.

Общество имеет права и несет обязанности юридического лица в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан. Общество также имеет право вступать в объединения с другими предприятиями и организациями всех форм собственности на территории Республики Казахстан и за рубежом, заключать договоры, приобретать имущественные и личные неимущественные права и нести обязанности, быть истцом и ответчиком в суде. Общество вправе создавать соответствующие направления своей деятельности путем открытия дочерних предприятий, аренды предприятий, открытия филиалов и представительств на территории Республики Казахстан и за ее пределами.

